



Ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Мақат ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 7 тамыздағы № 215 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 21 тамызда № 2969 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Мақат ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 314 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Мақат ауданы әкімдігінің 02.12.2014 № 314 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған .

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек Кодексінің 238-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37-баптарына және аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 23 шілдедегі № 242-V "Ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесімен келісу туралы" шешіміне сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесі қосымшаға сәйкес а й қ ы н д а л с ы н .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Х . Т у л е у ш о в к е жүктелсін .

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е. Умаров

К Е Л І С І Л Д І :

Аудандық мәслихаттың кезекті

сессиясының төрағасы

А. Мендалиева

6 тамыз 2014 жыл

Аудандық мәслихат хатшысы

Т. Жолмағамбетов

6 тамыз 2014 жыл

Ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет мамандары лауазымдарының ТІЗБЕСІ

1. Әлеуметтік қамсыздандыру мамандары лауазымдары:

- 1) әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант;
- 2) күтім жөніндегі әлеуметтік қызметкер;
- 3) әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман.

2. Білім беру мамандары лауазымдарының тізбесі:

- 1) мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорын басшысы (мектепке дейінгі мемлекеттік мекемеден және қазыналық кәсіпорыннан басқа);
- 2) мемлекеттік мекеме басшысының орынбасары (мектепке дейінгі мемлекеттік мекемеден және қазыналық кәсіпорыннан басқа);
- 3) мектепке дейінгі қазыналық кәсіпорын басшысы;
- 4) мамандар (бас, аға): барлық мамандықтағы мұғалімдер және дәрігерлер, әдіскер, шеберхана меңгерушісі, алғашқы әскери даярлық оқытушы-ұйымдастырушы, кітапхана меңгерушісі, кітапханашы, тәлімгер, тәрбиеші, интернат-меңгерушісі, әлеуметтік педагог, медициналық бике, емдәм бике, музыкалық жетекші, хореограф, педагог-психолог, зертханашы, дене тәрбиесінің нұсқаушы, еңбек жөніндегі нұсқаушы.

3. Мәдениет мамандары лауазымдары:

- 1) мемлекеттік мекеме және қазыналық кәсіпорын басшысы;
- 2) көркемдік жетекші;
- 3) кітапхана меңгерушісі;
- 4) мамандар (бас, аға): әртіс, кітапханашы, редактор, режиссер, солист, дыбыс режиссері, әдістемеші, мәдени ұйымдастырушы, барлық атаудағы суретшілер, хореограф, библиограф, дирижер, концертмейстер, музыкалық жетекші, үйірме жетекшісі.